

КЕЛІСІЛДІ
«Сарыарқа дарыны» БҚББ
АҒПО
басшысы
_____ Н. Ашыкбаев
« ____ » _____ 2023 жыл

КЕЛІСІЛДІ
«Қарағанды қаласы
білім бөлімі» ММ
басшысы
_____ Е. Әшім
2023 ж.« ____ » _____

БЕКІТЕМІН
«№1 балалар
көркемөнер мектебі»
КМҚК директоры
_____ Г. Калышева
2023 ж.« ____ » _____

**Қарағанды облысындағы жалпы білім беретін мектептердің
балабақшалары мен мектепалды даярлық сыныптарының
тәрбиеленушілеріне арналған «Күншуақ қояндар»
I облыстық байқауының
ЕРЕЖЕСІ
Жалпы ереже**

1.1 Осы Ереже балабақша тәрбиеленушілеріне, жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарына арналған «Шуақты қояндар» облыстық байқауының мақсаты мен міндеттерін, байқауды өткізу, бағалау өлшемін, жеңімпаздарды марапаттауды тәртібін анықтайды.

1.2. Байқау бірлесіп келісілген жұмыс жоспары бойынша өткізіледі: «Сарыарқа дарыны» БҚББ АҒПО мен Қарағанды қ. «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК .

1.3. Байқауды ұйымдастырушы болып табылады: «Сарыарқа дарыны» БҚББ АҒПО қолдауымен Қарағанды қ. «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаты: мектепке дейінгі білім беру ұйымдары және жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптары тәрбиеленушілерінің бейнелеу шығармашылығын кеңінен насихаттау, Қарағанды облысының мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтары мен жалпы білім беретін мектептердің мектепке дейінгі педагогтарының шығармашылық әлеуетін дамыту және кәсіби құзыреттілігін арттыру.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары, жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптары тәрбиеленушілерінің шығармашылық белсенділігін дамыту;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптары тәрбиеленушілерінің көркемдік талғамын, шығармашылық ойлауын тәрбиелеу;

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің көркемдік талғамын және шығармашылық ойлауын тәрбиелеу;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары педагогтарының және жалпы білім беретін мектептердің мектепке дейінгі тәрбиешілерінің әдістемелік жұмысын жетілдіру.

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқауға қатысушылар: Қарағанды облысы балабақшаларының және жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарының тәрбиеленушілері:

- 3 жас (кіші топ)
- 4 жас (орта топ)
- 5 жас (жоғарғы топ)

Оқушылардың жасы тіркелу кезінде анықталады.

4. Байқауды ұйымдастырып өткізу

4.1. **2024 жылдың 15 мамырында** мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мемлекеттік ұйымдарының, жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарының тәрбиеленушілеріне арналған «Күншуақ қояндары» 1-ші аймақтық байқауы өтеді;

4.2. Байқауға қатысу үшін **2024 жылдың 5 мамырына** дейін (қоса есептегенде) білім ұйымы басшысының қолымен e-mail: konkurs_art_school@mail.ru өтінім тапсыру қажет.

4.3 Байқауға қатысушылар ұйымдастыру комитетіне міндетті түрде көрсетілген өтінім-анкетасын тапсырады;байқаудың атауы; білім беру ұйымының толық атауы; баланың аты,фамилиясы; жұмыстың атауы;орындау техникасы, педагогтың аты, тегі, әкесінің аты ;жетекшінің байланыс дерегі (нөмірі, телефон) білім беру ұйымының E-mail (1 Қосымша).

4.4. **2024 жылдың 10 мамырына** (қоса алағанда) дейін жұмыстар мына мекен-жайында қабылданады Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі,19 (2 қабат) №1 БКМ.

4.5. №1 БКМ жұмыстарды алып кету **2024 жылдың 16-17 мамыры сағат 10.00 нан 17.00 дейін.**

4.6. Барлық сұрақтар бойынша ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК , Тел/факс: 8(7212) 42-42-54).

5. Жұмысқа қойылатын талаптар және бағалау өлшемдері

Әр қатысушы білу керек:

5.1. Бір ұйымнан 5 жұмыстан аспайтын (әр қатысушы 1 жұмыстан), «Жәндіктер әлемі» тақырыбына шығармашылық композиция ұсыну қажет.

5.2. А4 жұмыс форматы, материал – түрлі-түсті қарындаштар.

5.3. Жұмысты тапсыру этикетка жұмыстың артқы жағында жапсырып көрсету керек: автордың ТАӘ, жұмыстың атауы; орындау техникасы, жетекшінің ТАӘ; білім беру ұйымының атауы. Word фортындағы құжат, шрифт TimesNewRoman кегль 14 (өлшем), аралық интервал – бірыңғай. Этикетканың өлшемі: 7 см көлденеңнен, 6 см ұзындығы (2 Қосымша); Жұмыстарды тапсыру: рамкада рәсімделмеген, паспорты және т.б., жұмысты майыстырмау және бүктемеу керек;

5.4. Ұйымдастыру комитеті бұрын көрмелер мен байқауларға қатысқан жұмыстарды қарамайды.

5.5. Ұйымдастыру комитеті сапасы төмен жұмыстарды көрмеге қоюға, басқа авторлардың шығармаларының көшірмелері немесе бөліктері; байқау тақырыбына сәйкес келмейтін жұмыстарға рұқсат бермейді.

Байқаудың өлшемдерін бағалау:

- Ойдың түпкіліктігі
- Қызықты композициялық шешім;
- бейнеленген бейнелердің көркемдік мәнерлілігі;
- түпнұсқа түстің шешімі;
- шығармашылық даралық:
 - жұмысты орындаудағы дербестік.

6. Байқауды қорытындылау

6.1. Облыстық байқауды дайындау мен өткізуге тікелей басшылық жасау үшін қазылар алқасының құрамын бекітеді, қорытындысын шығаратын және жеңімпаздарды марапаттау ұйымдастыру комитеті жұмысты жүзеге асырады.

6.2. Байқауға қатысушылардың жұмыстарын 5-тармақтың талаптары бойынша қазылар алқасы бағалайды.

6.3. Байқаудың қорытындысы хаттамамен ресімделіп, қазылар алқасының қолымен расталады.

6.4. Барлық байқау қатысушыларына сертификаттар табысталады, қазылар алқасы мүшелерінен ең жоғары ұпай алған автордың жұмыстары I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

6.5. Қазылар алқасы Байқаудың номинацияларын анықтау құқығын өзіне қалдырады.

1 Қосымша

«Күншуақ қояндар» І Тәрбиеоблыстық байқауға қатысу өтінім-анкета

№ к/с	Тәрбиеленушінің Ф.А.	Жасы	Жұмыс атауы	Орындау техникасы	Педагогтың ТАӘ	Жетекшінің байланыс (ұялы телефон)
1.	Коянбаева Сауле	5 жас	Көңілді шегіртке	түрлі-түсті қарындаш	Алпысбаева айгуль Сембековна	Жұмыс тел.. 8 (7213)55555 Ұялы тел. 8 777 555 45 55.

Білім беру ұйымының e-mail : _____

Білім беру ұйымы басшысының қолы

ТАӘ және орындаушының байланыс телефоны _____

2 Қосымша

Этикетка

Коянбаева Сауле, 5 жас «Көңілді шегіртке» Жетекш. Алпысбаева А.С. Қарағанды қ. «Жұлдыз» КМҚК
--

